


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024**  
**“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”**  
**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,**  
**Шора Сарыбаевтың**  
**100 жылдық мерейтойларына арналған**  
**халықаралық ғылыми-практикалық конференция**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
FACULTY OF PHILOLOGY

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024**

### **“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”**

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың  
100 жылдық мерейтойларына арналған  
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

### **МАТЕРИАЛДАРЫ**

### **Akhmet Baytursynuly Readings -2024**

### **PROCEEDINGS**

**of the international scientific and theoretical conference  
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,  
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

**Астана қаласы**

**ӘОЖ 80/81**  
**КБЖ 81.2**  
**А 11**

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**  
**Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**  
**С. Жанжігітов**

**А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024.** “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

**Akhmet Baytursynuly Readings – 2024.** Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024  
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

## МАЗМҰНЫ

|                |   |
|----------------|---|
| Алғы сөз ..... | 3 |
|----------------|---|

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

|                                                                                                  |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....                                                              | 4  |
| Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі .....                                       | 7  |
| Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....                  | 10 |
| Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....                                           | 15 |
| Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....                                                        | 19 |
| İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri ..... | 21 |
| Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....                                    | 23 |
| Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....                   | 30 |
| Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими .....                  | 35 |

### 1-СЕКЦИЯ.

#### ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

|                                                                                                                         |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics .....                                          | 38  |
| Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....                                                                    | 40  |
| Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ) .....                                                | 46  |
| Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....                    | 60  |
| Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....                         | 64  |
| Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....                 | 68  |
| Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields .....                                             | 73  |
| Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.                                               | 74  |
| Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....                                                          | 79  |
| Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....                           | 83  |
| Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі .....                                          | 87  |
| Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты .....                                              | 91  |
| Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша)..... | 94  |
| Ермекбаева М. Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....                                          | 98  |
| Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....       | 103 |
| Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код .....                                                   | 107 |
| Кемельбекова Ә. Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі .....                                      | 111 |
| Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы: Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....  | 117 |

|                                                                                                                 |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Кыйсыкова А.</b> Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар .....                                               | 120 |
| <b>Куанышев А.С.</b> Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....                           | 123 |
| <b>Молдабай Ф.Ж.</b> «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер .....                                                | 126 |
| <b>Наушабекова Г.А.</b> Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....            | 129 |
| <b>Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж.</b> Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....                              | 131 |
| <b>Тәттібаева А.Е.</b> Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....                                                 | 136 |
| <b>Темірхан А.</b> Метафораның тілдегі орны мен мәні.....                                                       | 140 |
| <b>Тоқтасынова Д.Ғ.</b> «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр»..... | 141 |
| <b>Sharibzhanova G., Moldabaeva K.</b> Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci) .....               | 149 |
| <b>Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф.</b> Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....        | 153 |

## 2-СЕКЦИЯ.

### ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

|                                                                                                                     |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Абдуова Б.</b> Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....                                                     | 157 |
| <b>Абдиров Ө.Қ.</b> Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі .....                | 161 |
| <b>Аканова А.И.</b> Мифологиялық демонимдер.....                                                                    | 166 |
| <b>Allamuratova Z. M.</b> Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı .....      | 169 |
| <b>Демесинова А.А.</b> «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері .....                                 | 172 |
| <b>Жанболат Ә.Ж.</b> Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы .....                                             | 175 |
| <b>Жүнісқали Ә.Қ.</b> Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша)..... | 178 |
| <b>Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А.</b> Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү .....             | 183 |
| <b>Пирниязова А.Қ.</b> Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....                                   | 189 |
| <b>Тұрысбек Р.С.</b> Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде .....                                                        | 192 |
| <b>Raximboyeva X.G.</b> Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....          | 198 |
| <b>Сағиданова Г.А.</b> “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар .....                                      | 200 |
| <b>Серік М.А.</b> Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....                                                         | 203 |

## 3-СЕКЦИЯ.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

|                                                                                                         |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Баймуханбетова М.Б.</b> Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....                                       | 208 |
| <b>Дүсіпбаева Қ.С.</b> Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....                         | 211 |
| <b>Аренова Ж.С.</b> Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері ..... | 214 |
| <b>Ергешбай Н.Б.</b> Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....                                          | 217 |
| <b>Еркін А.</b> Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар .....        | 221 |

|                                                                                                                             |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү.</b> Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....                         | 227 |
| <b>Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б.</b> Language competence: content and structure .....                                         | 232 |
| <b>Капшаева Г.А.</b> А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану .....                              | 239 |
| <b>Курманова А.К.</b> Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы .....                                                    | 241 |
| <b>Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е.</b> Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі ..... | 246 |
| <b>Усенова Ш.Н.</b> Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....                                                        | 251 |
| <b>Қасымқұл Ф.</b> Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері .....                                              | 253 |
| <b>Қуанышбаева Н.А.</b> Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану .....                               | 258 |
| <b>Саткенова Ж., Серікқызы Ж.</b> Сандық коммуникациядағы қазақ тілі .....                                                  | 262 |
| <b>Сырбаева С.</b> Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....                                   | 265 |
| <b>Шоқабаева С.С.</b> Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері .....                                                    | 268 |
| <b>Fatima Hajizada Elshan.</b> Linguistic Distinctions Between American and British English.....                            | 271 |

## Әдебиеттер

- 1 Ахметьянов Р.Г. Сравнительное исследование татарского и чувашского языков / Р.Г. Ахметьянов. – М.: Наука, 1978. – 247 с.
- 2 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі мәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 356 б.
- 3 Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
- 4 Манкеева Ж.А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2014. – 640 б.
- 5 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Қоғам. – Алматы: Сардар, 2013. – 608 б.
- 6 Артықбаев Ж.О. Қазақтың танымдық этнографиясы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 240 б.
- 7 Кенжалин Қ.К., Ахмет А.Н. Қазақтың ұлттық бас киім атауларының этнолингвистикалық сипаты. – Электрондық ресурс. // [file:///C:/Users/%D0%A1%D0%B0%D0%BB%D1%82%D0%BE%D1%88%D0%B0/Downloads/+%D0%9A%D0%B5%D0%BD%D0%B6%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%BD%20%D0%9A%D1%83%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D1%88%D0%B1%D0%B5%D0%BA%20%D0%9A%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BC%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D1%87%20-1-%20DOI%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/%D0%A1%D0%B0%D0%BB%D1%82%D0%BE%D1%88%D0%B0/Downloads/+%D0%9A%D0%B5%D0%BD%D0%B6%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%BD%20%D0%9A%D1%83%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D1%88%D0%B1%D0%B5%D0%BA%20%D0%9A%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BC%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D1%87%20-1-%20DOI%20(1).pdf)

## Ә.А. Данияр

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты, Қазақстан, Астана қ.*

### МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ: СУБЪЕКТ, ОБЪЕКТ, АДРЕСАТ («Бабырнама» еңбегі бойынша)

**Аннотация.** Нематериальное культурное наследие имеет значение на исторической арене великих шелковых путей. Он охватывает различные сферы жизни и отражается в традициях, обычаях, языке, музыке, танцах, ремеслах, церемониях, легендах и исторических событиях. В данной статье в «Бабурнаме» описывается языковая картина нематериального культурного наследия, встречающаяся в письменном наследии, в частности рассматриваются элементы пропозиции в семантическом синтаксисе – субъект, объект, использование адресата в предложениях Бабура. По синтаксической структуре предложений, содержащихся в памятных записях о нематериальном культурном наследии той эпохи, прослеживается передача актанта внутри текста.

**Ключевые слова:** культурное наследие, традиции, ритуал, пропозиция, актант, связка

**Abstract.** The intangible cultural heritage of the Great Silk Way Road has the core role in historical area. It covers various spheres of life and is reflected in traditions, customs, language, music, dance, crafts, ceremonies, legends and historical events. The article depicts linguistic expression of intangible cultural heritage in "Baburnama". The primary focus was on the semantic syntactic components of the propositions in Babur's sentences such as, subject, object, addressee. The actant was noted in the scripts of that era's intangible cultural heritage, based on the sentence's syntax structure. The text's substance and its feature of utilizing the many forms of intangible cultural heritage from the Babur era in contemporary Kazakh society are decided upon based on the study examples that were gathered.

**Keywords:** cultural heritage, tradition, the content of the text, proposition, actant, cohesion.

Ұлы Жібек жолы керуен жолдарының тарамдары арқылы түрлі мәдени аралық байланыстар мен алмасулар Орталық Азиядағы елдер арасындағы жаңа салт-дәстүрлер мен жоралғылар қалыптастыруға көмектесті. Мәдени алмасудың бір дәлелі – ғасырдан ғасырға халықтың өмірінен көрініс табатын материалдық емес мәдени мұралар. ЮНЕСКО-ның 2001, 2003 және 2005 жылдарды жариялау нәтижесінде Бүкіләлемдік материалдық емес мәдени мұраның тоқсан көрнекті элементтерін қамтитын тізім жасалды. Бағдарлама материалдық емес мәдени мұраның екі категориясын анықтады: 1) халықтық және дәстүрлі көріністердің формалары және 2) мәдени кеңістіктер, соңғысы «халықтық және дәстүрлі іс-шаралар шоғырланған орындар» ретінде анықталды [1, 6].

«Бабырнама» жазба мұрасы – орталық және Оңтүстік Азияның тек материалды мәдени әрі рухани мұрасының ғана емес, материалдық емес мәдени мұрасының маңызды бөлігі, себебі ол аймақтың тарихы мен мәдениетін жан-жақты түрде сақтауға және түсінуге көмектеседі. Бұл еңбектің авторы – Заһир әд-Дин Мұхаммед Бабыр өз ғұмырын туған жерінен тыс жерде өткізді. Оның өмірі Ауғанстан және Үндістан сияқты елдермен байланысты болды. Бабыр

мәдениеттің ұлы қайраткері ретінде танымал. Жас кезінде ол парсы, араб тілдерін, әдебиетті, тарихты, музыканы және тағы басқаларды білетін білімді, мәдениетті адам болған.


Берілген мақалада жазба мұрада кездескен материалдық емес мәдени мұраның тілдік сипатын тіл біліміндегі семантикалық синтаксис нысандары қатарындағы актант элементтері арқылы мысалдарға тілдік талдау жасалады. Пропозиция құрылымындағы актант, сирконстант терминдеріне тоқтала кетейік.

Сөйлемдегі негізгі іс-әрекетті етістік, актанттар және сирконстанттар көрсетеді. Актанттар етістікті тікелей немесе жанама түрде толықтырады. Актант термині (аргумент, партиципant, семантикалық рөл, семантикалық жағдай, семантикалық-синтаксистік функция) оқиғаның пропозиция элементін, жағдайға міндетті қатысушыны білдіреді [2, 246]. Мән-жайлар әрекетті әртүрлі жағынан толықтырады және осы мақсатта қолданылатын үстеулерден немесе сөйлеудің басқа бөліктерінен тұрады.

Сирконстант – (сирконстант, лат. жанама, «үстеу») іс-әрекеттің жай-күйін білдіреді және оны толықтырады. [3, 138]. Әдетте сирконстанттардың келесі түрлері кездеседі: уақыт, орын, әдіс, әрекет ету тәсілі, бағалау, саны, себепт, мақсат, шарт [4, 345].

Пропозицияның ішкі құрылымы оны құрайтын элементтердің – актанттар мен сирконстанттардың (жағдайлардың) саны мен сипатымен анықталады [5, 2]. Демек, мәтінге семантикалық синтаксистік талдау жасағанда актант пен сирконстантқа назар аударған жөн.

Зерттеп отырған мақаламыз Бабыр мәтініндегі актант элементтеріне арналғандықтан, белгілі француздық лингвист, әдебиетші А.Ж. Греймастың баяндау мен әңгімелеудегі позициясындағы актанттың рөлі мен құрылымдық моделін келтіріп өтуге болады: «әрбір позиция актантты (немесе актантты рөлді) білдіреді, ал семиотикалық квадраттағы қатынастар жиынтығы ұйымдасқан бірлік шеңберінде баяндау кейіпкерлерін бейнелеуге мүмкіндік береді» [6, 56]. А.Ж. Греймас өзінің алдыңғы құрылымын актант моделінің үш осін толықтыру үшін тағы екі актантпен, адресант (жіберуші) және адресат (алушы) толықтырды (1-суретте көрсетілгендей). Іздеу осі (яғни субъектіден объектіге тік ось) субъект пен құндылық объектісі арасындағы байланыс (немесе қиылысу) мәртебесімен байланысты баяндау оқиғаларына сәйкес келеді. 1-суреттің жоғарғы жартысы байласым осін бейнелейді. Жіберуші мен алушының объектіге-құндылыққа қатынасына байланысты оқиғалар осы ось бойымен жүреді [6, 56].



1-сурет. Греймас ұсынған актант құрылымы [6, 57].

Демек, автор бұл сызбада актант құрылымындағы маңызды байланысқа ие субъекті мен объектіні баяндалатын ақпараттың жіберушісі мен алушысы, көмекшісі мен қарсыласы сызбасы арқылы түсіндіруге тырысады.

Мәтін түзілгенде белгілі бір жүйелік, логикалық, үйлесімдік сақталуы тиіс. Бабыр жазбаларында дәл сол логикалық пен жүйелілік, реттілік кездеседі. Себебі Бабыр белгілі бір оқиғаны жай ғана баяндап қана қоймай, оқиғаны шынайы суреттеуге, образды ашуға тырысады. Әрбір жағдаятты реттілігімен түсіндіреді, оқиғаға қатысушылардың бейнесін диалог, төл сөздер арқылы ашады. Сондықтан Бабыр жазбаларының синтаксистік құрылымы ерекше зерделеуді талап етеді.

Төмендегі мысалдарда «Бабырнамада» кездесетін материалдық емес мұраның бірнеше үлгілері келтіріледі және олардағы актант элементтері анықталады.

*Burunraq niyyat qilip edim kim Sangā kāfirğa zafar tapsam, tamğanı musulmanlarğa bağışlay. Tawba asnasida Darveš Muḥammad Sārbān bila Šayx Zayn tamğa baxşışını yad berdilär.*

*Dedim kim "Yaxsi yād berdingiz. Eligimizdāki vilāyatlarda musulmanlarning tamğası baxšiš boldi." Munšilarni tilāp buyur- dum kim bu iki 'azimuššān umur kim vaqi' boldi muning ixbariğa farmanlar bitigäylär. Šayx Zaynning inšāsi bilä farmanlar bitilip jami'-i qalamrawğa yibärildi [7, 671].*

Бұдан бұрын да Санканы жеңсем, оның таңбасын мұсылмандарға сыйлаймын деп ұйғарған едім. Қонақасы берген кезімде Деруиш Мұхаммед Сарбан мен Шейх Зайн тамға сыйлаймын деген уәдемді есіме салды. Мен оларға: «Есіме салғандарың жөн болды. Біздің қоластымыздағы тамғалы жердің бәрін де мұсылмандарға сыйладық» дедім.

Хусний хатшыларымды шақырдым да, бұл ұлы оқиғаны хатқа түсіріп қоюға әмір еттім. Шейх Зайнның құрастырған жарлығы көшіріліп бізге қараған аймақтың барлығына жөнелтілді [8, 360]:

Берілген мәтіндегі материалдық емес мәдени мұраға қатысты дәстүрлер – *tamğani musulmanlarğa bağışlay* (тамғалы жердің бәрін мұсылмандарға сыйлау); *Tawba asnasi* (қонақасы), *Šayx Zaynning inšāsi* (Шейх Зайнның құрастырған жарлығы).

Актант бойынша мәтіндегі құрылымдық элементтер: субъект – Деруиш Мұхаммед Сарбан мен Шейх Зайн, объект – тамғалы жер, адресат – Бабыр және оның халқы.

*Sayyid-Qasim ešik-aqa bu kün barčadın yaxşıraq yürüp uzup qılı yetkürdi. Sultān-Aḥmad Tambal ham qilič yetkürdi. Muḥammad Dost Tağayı ham qilič yetkürdi, valī bahadur ülüšini Sayyid-Qasim aldı. Bahadurluq ülüši Muğulda qadimi rasmdur. Har toy va aš bolganda harkim ki eldin uzup qilič yetkürgän bolsa ol ülüšni ol alur. Šāhruxiyada barıp tağayım Sultan-Maḥmūd Xanni körgän[d]ä bahadurluq ülüšini Sayyid-Qasim aldı [7, 61].*

Бұл күні Сейіт Қасым кіші аға ерекше көзге түсті, алға озып шығып, қылышпен шапты. Сұлтан Ахмет Танбал да найзаны аямай қадады, бірақ «батыр үлесін» Сейіт Қасым алды. Батыр үлес деген моғолдардың көне салты. Қандай да болмасын тойда, айтыста елден озып шығып найзаласқан адамға бәйге беріледі. Шаһрухқа барып нағашы Сұлтан Махмұт ханға жүгінгенімде, батырлық үлесті Сейіт Қасым алды [8, 53].

Мәтіннің мазмұнына сәйкес кездесетін рәсімдер: ежелгі Моғолдардың әдет-ғұрпы – Батыр үлесі (*Bahadur ülüši*) және үлесті алу/ие болу (*ülüšni alu*).

Актант элементтері негізінде мәтіндегі субъектісі – Sayyid Qasim, объектісі – bahadurluq ülüši, адресаты – harkim.

*Yana bir Xānzāda Begim edi. Tirmiz xwānzādalarıdın edi. Men Samarqandga beš yasında Sultan-Aḥmad Mirzā qaşığa kelgän furşatta alıp edi. Hanüz yüz yaruğı bar edi. Turkāna rasm bila manga buyurdılar, men yuzini ačtim [7, 41].*

Оның басқа әйелі Ханзаде бегім, Термез ханзадасынан [үйінен] болды. Мен 5 жасқа толғанда Самарқандқа Сұлтан Ахмед мырзаға келгенімде, ол оған жаңа ғана үйленген еді және ол әлі күнге дейін бетіне жамылғы киіп жүрді. Түркі дәстүрі (рәсімі) бойынша маған оның бетін ашуды бұйырды [8, 41].

Бұл мәтінде материалдық емес мәдени мұраның үлгісі – Түркілік *бет ашу дәстүрі* (*yüz yaruğın aču*). Актант элементтері бойынша мәтіндегі субъекті: *Xānzāda Begim*; объекті – *yüz yaruğı* (*бет жамылғысы*); адресат – *Babur*.

*Šakl u šamāyili. Buland boyluğ, qonqar saqallığ, qızıl yüzlüg, tambal kiši erdi. Saqalı engäkidä edi. İki yangaқыda saqalı yoq edi. Bisyār xošmuḥāvara kiši erdi. Dastārni ol zaman dasturi bila čärpeč čirmap 'alāqasını ilgäriräk qaşining üstiga qoyar edi [7, 35].* Сырт келбеті. Ол ұзын бойлы, шоқша жирен сақалды, самайына қылпық бітпеген қызыл шырайлы, етженді, әңгімешіл адам еді. Сол кездегі әдет бойынша сәлдесін төрт орап алдыңғы маңдайына түсіріп қоятын [8, 39].

Бұл мысалдағы материалдық емес мәдени мұра сұлтан Ахмадтың келбетін суреттеу кезінде қалпақ киюдің әдетін сипаттауынан көрінеді: *Dastārni ol zaman dasturi bila čärpeč čirmap 'alāqasını ilgäriräk qaşining üstiga qoyar edi* (Сол кездегі әдет бойынша сәлдесін төрт орап алдыңғы маңдайына түсіріп қоятын).

*Rabi'u'l-avval ayining avāsiḥida jarida Andarab Suyını ötüp Dawši navāhisida bir uluğ čanar tüpidä olturdum. Ol tarafdın Xusrawšah va ḥišmat u tajammuli bila qalın kiši bilä keldi. Qā'ida u dastür bilä yiraqdın tüšüp keldi. Körüšürdä üç qatla yükünüp yanganda ham üç qatla sorğanda va*

*tartiq tartqanda birär yökündi. Jahangir Mirzā bila va Mirza Xanga dağı oşbu dastur bilä. Qarı tambal mardak neçä yıllar öz muradiça yürüp saltanattın tek bir xutba öz atığa oquymaydur edi. Yegirma beş-yegirmä altı qatla payäpay yökündi va bardı* [9, 253].

Келесі күні, раби айының орта шенінде Душ маңынан Андарабтан өтіп, мәуелі шынардың түбіне келіп тынықтық. Арғы беттен сән-салтанатты киінген көп адаммен Хұсрау шаһ та келіп жетті. Ол әдет-ғұрыпты, салтты, хандық ережені сақтап алыстан аттан түсіп, жедел басып алдыма келді. Хұсрау шаһ сәлемдесіп, үш рет тізе бүкті, кейін шегініп, тағы да қайталады, денсаулығымды сұрап, сыйлық тартты, тағы да бір рет тізе бүгіп тағзым етті. Содан кейін Жаһангер мырза мен Мырза ханның алдына да тізе бүкті [8, 147].

Берілген мысалдағы әдет-ғұрып пен хандық ереже үлгілері: *сән-салтанатты киіну; ханға деген сый-құрмет, хан алдында алыстан тізе бүгу, тағзым ету*. Мәтін байласымы бойынша субъектісі – *Xusrawšah*, объектисі – *dastür bilä:üç qatla yökünüp (үш рет тізе бүгу)*, адресат – *Babur, Jahangir Mirzā va Mirza Xanga*.

Қорыта келгенде, «Бабырнамада» әлемдік деңгейде ерекше орынға ие материалдық емес мәдени мұраның іздері өте көп. Барлық үлгілерді көрсетіп талдау үшін ауқымды зерттеу қажет. Бұл мақала көлемінде «Бабырнама» жазба мұрасындағы келесі дәстүр мен рәсімдердің үлгілері көрсетілді: лауазымды тұлғалардың (хан, дворян, мырза) бір-біріне ат беру/сыйлау рәсімі; тамға сыйла/тамғалы жер сыйлау; батыр үлесі; түркі дәстүрі (рәсімі) бойынша бетін ашу (бет жамылғысын ашу); хан, шаһ мен сұлтандарға тағзым ету.

Семантикалық синтаксис бойынша жоғарыда талданған мысалдарда актант элементі – объектисінің материалдық емес мәдени мұраның бір түрін көрсететіні анықталды. Субъектілер «Бабырнамадағы» әңгімеленіп отырған лауазымды тұлғалар: бек/бегім, хан, мырза, хан, сұлтан, Бабыр қоныс еткен мекеннің халқы (ауғандықтар, үнділер). Ал адресат көп жағдайда Бабырға, Бабыр халқына және оқырманға арналған. Осы жазба мұраның сөйлемдерін мәтіннің мазмұны тұрғысынан актант тұрғысынан талдау қазіргі тіл білімінде өзекті. «Бабырнаманың» жазба мұрасын тарихи синтаксис, семантикалық синтаксис жағынан зерттеу және талдау түркі халықтарына ортақ қолжазбалардың лингвистикалық талдауын одан әрі зерттеуге ықпал етеді.

### Әдебиеттер

- 1 Кирюшина Юлия Владимировна. «Нематериальное культурное наследие актуальное понятие современности» // Известия Алтайского государственного университета, №. 2-1, 2011, С. 244-247.
- 2 Алиева Н.А. Актанты и сирконстанты // Ученые записки Крымского федерального университета имени В. И. Вернадского. Филологические науки. Том 27 (66). №3. 2014. С. 246–252.
- 3 Tenier L. Fundamentals of Structural Syntax. – Moscow: Progress, 1988. – 656 p.
- 4 Lyons J. Introduction to theoretical linguistics. – London: Cambridge University Press, 1968 – 519 p.
- 5 Nabyev A.I. (2022). The concept and characteristics of syntactic structures: the history of the issue. European Scholar Journal, 3(4), 1-3.
- 6 Wang, Yong & Roberts, Carl. (2005). Actantial analysis: Greimas's structural approach to the analysis of self-narratives. Narrative Inquiry. 15. 51-74.
- 7 Thackston W.M. Jr. Bâburnâma.: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation. [Cambridge, Mass.]: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. – 902 p.
- 8 Қожабекұлы Б. Бабырнама. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. – Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.
- 9 The Babur-nama in English (Memoirs of Babur); Volume 2: Translated from the original Turki Text Zahir-Ed-Din of Zahiru'd-din Muhammad Babur Padishah Ghāzi by Beveridge Annette Susannah Issued in Four Fasciculi:- Farghana 1912-Kabul 1914-Hindustan 1917-Preface, Indices, etc. 1921. – 871 p.